

БЕКІТЕМІН
Факультет деканы МЕХАНИКА-
МАТЕМАТИКА кафедрасы Жаксбаев Д.Б.
PhD, профессор
« ____ » _____ 2020ж



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Механика-математика факультеті
Механика кафедрасы
«Механиканың қазіргі мәселелері»
студенттік ғылыми үйірмесінің жарғысы

Жалпы ережелер

- 1.1. Студенттік ғылыми үйірме (CFY) - бұл сабақтан бос уақытында кафедрада механиканың білім беру бағдарламасының кез-келген саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын студенттердің ерікті коммерциялық емес бірлестігі.
- 1.2. Студенттік ғылыми үйірме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

Мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Студенттік ғылыми үйірме жұмысының мақсаты студенттердің ғылым мен практиканың озық жетістіктерін игеруі арқылы мамандар даярлау сапасын арттыру болып табылады.
- 2.2. Осы мақсатқа жету үшін CFY келесі міндеттерді алға қояды:
 - 2.2.1. оқу материалын тереңдетіп оқыту, өз білімін үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігі мен қабілетін қалыптастыру;
 - 2.2.2. студенттерді кафедраның ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға баулу;
 - 2.2.3. студенттердің дөңгелек үстелдер, ғылыми семинарлар және конференцияларға қатысуын, баяндама жасауын ұйымдастыру;
 - 2.2.4. студенттердің ең жақсы ғылыми жұмыстарының нәтижелерін жариялауға және тәжірибеге енгізуге ықпал ету;
 - 2.2.5. ұқсас құрылым мүшелерімен тәжірибе алмасу.

CFY жұмысы

Үйірме жұмысына мыналар кіреді:

- 3.1. қазіргі кездегі механиканың өзекті мәселелері бойынша ғылыми жұмыстардың тақырыптарын CFY мүшелерінің таңдауы;
- 3.1.2. кәсіби құзыреттері мен ғылыми қызығушылықтар саласына сәйкес кафедра қызметкерлері арасынан кеңесшілер тағайындау;
- 3.1.3. таңдалған тақырыптар бойынша CFY мүшелерінің зерттеу жұмыстарын жүргізуі;
- 3.1.4. ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру бойынша кафедра қызметкерлерінің кеңес беруі;
- 3.1.5. студенттер баяндама жасайтын тақырыптық семинарларды өткізу;
- 3.1.6. студенттік ғылыми үйірме жұмысын қорытындылау.

CFY -ге мүшелік

- 4.1. механика саласы бойынша ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге бейімділік танытқан және ниет білдірген, жақсы және өте жақсы оқитын механика кафедрасының студенттері CFY мүшесі бола алады.
- 4.2. CFY мүшелігінің негіздері:
 - 4.2.1. Студенттің зерттеу жұмысымен айналысуға деген ұмтылысын білдіруі.

4.2.2. Механика кафедрасы оқытушыларының студенттерді ҒЗЖ – мен айналысуға ұсынуы.

4.2.3. CFY мәжілісінде кандидатураларды бекіту.

Студенттік ғылыми үйірме мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Студенттік ғылыми үйірмесі мүшесінің құқықтары:

5.1.1. CFY барлық отырыстарында дауыс бере алады.

5.1.2. CFY басшысын сайлай алады және басшы ретінде сайлана алады.

5.1.3. Конференцияларға қатысу үшін және конференция материалдарында жариялау үшін өз жұмысын жібере алады.

5.1.4. CFY мүшелігін тоқтата алады.

5.2. CFY мүшесінің міндеті:

5.2.1. CFY Жарғысының талаптарын орындау.

5.2.2. Зерттеу жұмыстарын жүргізу, конференцияларда баяндамалар жасау, ғылыми жобалардың байқауына қатысу.


5.2.3. CFY ғылыми жетекшілерінің нұсқауын орындау.


Студенттік ғылыми үйірмесінің жұмысын басқару

6.1. Студенттік ғылыми үйірмесіне жалпы басшылықты кафедра меңгерушісі жүзеге асырады.

6.2. Студенттік ғылыми үйірмесін тікелей басқаруды білікті және ғылыми жұмысқа бейім қызметкерлер қатарынан тағайындалған үйірме жетекшілері, ғылыми жетекшілер (кеңесшілер) жүзеге асырады.

CFY ғылыми жетекшілері

 Туралина Д.Е.

 Алибаева Қ.А.

«__» _____ 2020 ж